



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.08.2019 № 117
Шардара қаласы

г.Шардара

**Ерекше білім беруді қажет
ететін балаларды оқыту
туралы**

Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңының 11-бабы, 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығын жүзеге асыру мақсатында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқытылуын ұйымдастыру үшін және 2019-2020 оқу жылындағы мектептердің сұранысы мен облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мекемесінің қорытындысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Аудан мектептерінде 2019-2020 оқу жылында денсаулығына байланысты жеке үйде оқытылатын оқушылар тізімі №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. «Ұзын ата» жалпы орта мектебінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар түзету-дамыту сыныптарында оқуы жалғастырылсын, № 2 қосымшаға сәйкес оқытылатын балалар тізімі бекітілсін.
3. Ж.Жабаев атындағы жалпы орта мектепте, А.Әлімбетов атындағы жалпы орта мектепте, «Ұзын ата» жалпы орта мектебінде логопункт жұмысы жалғастырылсын, № 3 қосымшаға сәйкес логопунктке баратын балалар тізімі бекітілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау аудандық білім бөлімінің бас маманы А.Жантурсеваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



А.Бердалиева

**Шардара ауданы бойынша 2019-2020 оқу жылында логопунктта түзете-
дамыта оқытылатын ерекше білім беруді қажет ететін балалар тізімі**

№	Аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Мектебі	Қорытынды	ПМПК қорытындысы
1	Абдумажит Дінмұхамед Мақсатұлы	17.11.2012	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
2	Назаров Ғасыр Сундетұлы	13.04.2010	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
3	Оразбай Абдулали Нұрқазыұлы	26.01.2013	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия, ФФН	№7 29.01.2019ж.
4	Абдумажит Іңкәр Мақсатқызы	17.10.2011	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия, ФФН	№7 29.01.2019ж.
5	Абдумалик Нұрымжан Ғалымжанұлы	06.01.2012	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
6	Әшім Бекболат Арайұлы	23.04.2013	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
7	Базарбай Нұрислам Нұрланұлы	18.08.2011	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	ОНР II-III ур. Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
8	Жаксылық Нұрай Сапаралықызы	08.02.2012	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Дислалия, ФФН	№7 29.01.2019ж.
9	Бакытқызы Дидар	12.10.2013	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
10	Мусабек Ғалым Ақбергелұлы	01.09.2012	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
11	Жанатбек Заңғар Жорабекұлы	23.04.2010	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	ФФН, сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
12	Алмухаммед Кәусар Талғатқызы	11.06.2013	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия, ОНР-III уровня	№7 29.01.2019ж.
13	Қахар Бекзат Еділұлы	29.05.2012	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Неврозородобное заикание, сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
14	Дүйсебай Мұхамедали Бақытұлы	05.05.2012	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
15	Бакытқызы Кәусар	31.08.2010	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
16	Ережеп Еркебұлан Нұрланұлы	07.09.2011	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Дислалия, ФФН	№7 29.01.2019ж.
17	Турекбек Нұрасыл Нұрланұлы	22.07.2011	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	ОНР II-III ур.	№7 29.01.2019ж.
18	Дүйсенбек Нұрлыхан Нышаналиұлы	04.03.2011	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия, ОНР-III уровня	№7 29.01.2019ж.
19	Сейдалы Нурикамал Досболқызы	30.06.2013	№2 Ж.Жабаев атындағы б/м	Сложная дислалия	№7 29.01.2019ж.
20	Қоныс Жанарыс	12.01.2012	№2 Ж.Жабаев	ОНР-III ур. Сложная	№7



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10.09.2021 № 92
Шардара қаласы

г.Шардара

Инклюзивті білім беруді дамытудың ресурстық орталығы туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шардара ауданында инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарының ақпараттық-кеңестік, оқу-әдістемелік, ресурстық-ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіретін инклюзивті білім берудің облыстық ресурстық орталығы ретінде Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бекітілсін.

2. Аудандық инклюзивті білім беруді дамытудың ресурстық орталығы туралы Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау аудандық білім бөлімінің бас маманы Д.Нускабаеваға жүктелсін.

Негізі: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 2021 жылғы 02 қыркүйектегі № 07/3590 хаты.

Бөлім басшысы

А.Бердалиева

Инклюзивті білім беруді дамытудың ресурстық орталығы туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже инклюзивті білім берудің Ресурстық орталығының (бұдан әрі - Орталық) мақсатын, міндеттерін, жұмыс мазмұны мен әрекетті ұйымдастыру тәртібін, құрылымын анықтайды.

1.2. Инклюзивті білім берудің Ресурстық орталығы аудандық адами элеуетті дамыту бөлімінің бұйрығымен ашылады.

1.3. Орталық құрылған білім беру ұйымына тікелей бағынышты болады.

1.4. Орталықтың негізгі қызметі ақпараттық, ғылыми-педагогикалық материалдық-техникалық және басқа да ресурстарды үйлестіру және кіріктіру жолымен білім беру ұйымдарына инклюзияны ендіруді ресурстық қамтамасыз етуге бағытталған.

1.5. Орталық өз қызметін аймақтың барлық білім беру ұйымдарымен, білім және денсаулық сақтау басқармаларымен, үкіметтік емес ұйымдармен, сонымен қатар, аймақта инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға қызығушылығы бар басқа да ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

1.6. Орталық әрекетін басқару аудандық адами элеуетті дамыту бөлімінің келісімі бойынша білім беру ұйымының басшысы анықтайтын координатормен жүзеге асырылады.

1.7. Жұмыс жоспары Орталықтың координаторымен құрылады және аудандық адами элеуетті дамыту бөлімімен келісіледі.

1.8. Орталық қызметін үйлестіруді аудандық адами элеуетті дамыту бөлімі жүзеге асырады.

1.9. Орталық координаторы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ғылыми-практикалық орталығының әдістемелік қолдауымен жұмыс атқарады.

1.10. Орталық қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларында әрекеттегі нормативті-құқықтық және заңнамалық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Базасында инклюзивті білім беруді дамытудың ресурстық орталығы құрылған білім беру ұйымына қойылатын талаптар

Білім беру ұйымының базасында құрылатын Орталыққа:

2.1 Материалдық-техникалық база (психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарына арналған кабинеттердің, АКТ құралдарының болуы және т.с.с.);

2.2 Кадрлық әлеует [арнайы педагогтар, психологтар, педагогтар, медициналық қызметкер, педагог ассистенттер, инклюзивті оқыту саласында біліктілікті арттыру курстарынан өткен және арнайы сынып пен инклюзивті оқыту сыныптарында жеткілікті тәжірибесі бар педагогтар];

2.3. Ғылыми, оқу әдістемелік және ақпараттық ресурстар (арнайы психологиялық-педагогикалық әдебиеттер, педагогтар мен ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар мен құралдар, апробацияланған білім беру және түзете-дамыту бағдарламалары, әдістемелік ұсынымдар, инклюзивті оқытуды ұйымдастыру бойынша құралдар, инклюзивті білім беруді ендіру бойынша жұмыс тәжірибесін көрсететін оқу-әдістемелік, диагностикалық, ақпараттық және көрнекі құралдар, баспа материалдары, цифрлық ресурстар болу керек.

3. Инклюзивті білім беруді дамытудың ресурстық орталығы қызметінің мақсаты мен міндеттері

3.1. Орталық қызметінің негізгі мақсаты инклюзивті білімнің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін ғылыми-эксперименталды және перспективті педагогикалық тәжірибенің табысты нәтижелерін жинақтау, жалпылау және тарату арқылы білім беру ұйымында инклюзивті білім беруді ендіру мен дамыту.

3.2 Орталық міндеттері:

3.2.1 Білім беру ұйымында инклюзивті оқытуды жүзеге асыруда көмектесу;

3.2.2 Білім беру ұйымын желілік өзара әрекеттестікке, сондай-ақ инклюзивті білім беруді дамыту проблемалары бойынша ғылыми-педагогикалық қауымдастықпен, азаматтық қоғамдастықпен серіктестікке тарту;

3.2.3 Қоғамда, оның ішінде білім беру ұйымдарында толеранттылықты қалыптастыру бойынша мақсатты ағартушылық әрекетті жүргізу;

3.2.4 Инклюзивті тәрбие мен оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының табысты тәжірибелерін жинақтау, жалпылау және тарату;

3.2.5 Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қосу модельдерін, бейімделген білім беру бағдарламаларын, білім беру ұйымында инклюзивті тәрбиелеу мен оқыту процесін психологиялық-педагогикалық қолдау әдістері мен технологияларын әзірлеу және апробациялау;

3.2.6 Инклюзивті білім беру жағдайында оқыту мен тәрбиелеу бойынша педагогикалық және ата-аналар қауымдастығының біліктілігін арттыру мақсатында білім беру ресурстарына қолжетімділікті ұйымдастыру.

4. Инклюзивті білім беруді дамытудың ресурстық орталығы қызметінің негізгі бағыттары

4.1 Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

4.2 Білім беру ұйымдарына инклюзивті оқыту сыныптарын, арнайы сынып пен топтарды жинақтауда, инклюзивті білім беру кабинеттері мен эксперименталды алаңдар әрекетінде жәрдемдесу және қолдау көрсету;

4.1.2 Инклюзивті оқыту процесін ұйымдастыру мен қажетті жағдайларын жасау сұрақтары бойынша білім беруді жүзеге асыратын ұйымдардың жетекшілеріне кеңес беру;

4.1.3 Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға арналған білім беру бағдарламаларын бейімдеуде және жеке оқу бағдарламасын құруда педагогтарға әдістемелік көмек көрсету;

4.1.4 Педагогтардың кәсіптік біліктілігін арттыру бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру (оқыту семинарлары, тренингтер, кәсіптік студиялар, шеберлік-кластар, симпозиумдар, конференциялар және т.с.с.);

4.1.5 Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша республикалық және облыстық, аудандық педагогикалық жобаларға қатысу;

4.1.6 Инклюзивті тарбие мен оқыту саласында білім беру ұйымының инновациялық әрекеті нәтижелерінің сараптамасына қатысу;

4.2 Ақпараттық-талдамалы әрекет:

4.2.1 Аймақтың инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдары бойынша ақпараттық қорды құру және жүргізу;

4.2.2 Аймақта инклюзивті білім беруді ендіру мен дамыту бойынша озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, анықтау, жалпылау және тарату;

4.2.3 Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің негізгі бағыттарын ресурстық әдістемелік қамтамасыз ету бойынша (табысты тәжірибені тарату бойынша материалдар, әдістемелік әзірмелер, цифрлық ресурстар және т.с.с.) деректер қорын құру және жүргізу;

4.2.4 Орталықтың Web-сайтын жасау мен қолдау және цифрлық ресурстарға қашықтық қолжетімділікті қамтамасыз ету;

4.2.5 Инклюзивті білім беру тәжірибесін ендіру мен тарату нәтижелілігін бағалауда үйлестіруші органға көмек беру;

4.2.6 Ары карай әдістемелік бағдарламалық материалдарды құруда, дөңгелек үстелдер, симпозиумдарда және т.б. талқылауға арналған инклюзивті білім берудің өзекті мәселелерін анықтауда талдау мен жүзеге асыру үшін сапалы ақпаратты (пікір, тілек, сұрау) жинақтау;

4.2.7 Сапалы білімге тең қолжетімділік туралы халықтың ақпараттануын арттыру бойынша мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізу;

4.2.8 Басқа ресурстық орталық-серіктестермен өзара әрекеттесу және тәжірибе алмасу.

5. Инклюзивті білім беруді дамытудың ресурстық орталығының қызметін тоқтату тәртібі

5.1. Орталықтың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің бұйрығымен тоқтатылуы мүмкін.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы ережеге толықтырулар мен өзгерістер Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасында белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен енгізіледі.